

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HUZC3477>**Ш. Б. Сейітова, А. А. Қасымова, Ш. А. Доскеева**Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.**САЛЫСТЫРМАЛЫ АЙМАҚТЫҚ ОНОМАСТИКА КЕҢІСТІГІ
(ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН, ТАУЛЫ АЛТАЙ, БАЯН ӨЛГЕЙ
ӨҢІРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

Мақалада Шығыс Қазақстан өңірінен жинақталған жер-су аттары мен Алтай өңірі, Баян Өлгей аймағына жасалған экспедиция негізінде қол жеткізген ономастикалық номендер салыстырмалы-тарихи, диахрониялық, этимологиялық тұрғыдан қарастырылады. Топонимдердің алтайлық, ежелгі түркілік ортақ түбірлері анықталып, лексика-семантикалық белгілері ажыратылады. Жалпы алтай тілдеріне тән ономастикалық белгілер мен түркі тілдерінің ономастикалық белгілері салыстырылады. Сонымен қатар, жер-су атауларының жасалу жолдарына сипаттама беріледі. Өңір топонимдерінің жасалу жолдарындағы ортақ белгілер анықталады. Ортақ белгілерге сүйене отырып, жер-су атауларының қалыптасуындағы жалпы алтайлық және көне түркілік негіздер ажыратылады. Нәтижесінде, тілге тиек болған Шығыс Қазақстан, Таулы Алтай, Баян Өлгей өңірлерінде қолданыс тапқан жер-су атауларының ұқастықтары мен айрмашылықтары олардың қалыптасу кезеңдерімен тығыз байланыстылығы анықталады.

Кілтті сөздер: ономастикалық кеңістік, ортақ түбір, топонимика, түркі тілдері.

Кіріспе

Қазіргі әлемдік жаһандану заманында ұлттық бірегейлік пен бірлікті кейінгі ұрпаққа жеткізу – әрбір қазақтың азаматтық парызы. Ұлттық бірегейлік дегеніміз – ортақ құндылықтар. Ортақ құндылық дегеніміз – ең алдымен әрбір адамға ананың сүтімен даритын ана тілі, ұлттық тілі. Ұттық тіл – бүкіл халықтың ғасырлар бойынша басынан кешкен тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткеретін құрал. Олай болса, кез келген халықтың ұлттық болмысы, ерекшелігі тілінде сақталады. Яғни, ана тілі – елдігімізді білдіретін ұлттық кодымыз болып табылады.

Зерттеудің нысаны: Салыстырмалы аймақтық ономастика кеңістігі (Шығыс Қазақстан, Таулы Алтай, Баян Өлгей өңірлері негізінде)

Зерттеудің пәні: Салыстырмалы аймақтық ономастика

Мақсаты: Ұлттық кодымыздың сақталуын, ұрпақтан ұрпаққа бұрмаланбай, сол қалпында жетуін қадағалау, сыртқы себептердің салдарынан халық жадынан сөніп бара жатқан ұлттық белгілерімізді жаңғырту алға қойған үлкен мақсатымыз болып табылады.

Міндеттері:

Шығыс Қазақстан өңірінің ономастикалық кеңістігін ғылыми негізде қарастырып, әрбір атауға сонау көне түркі заманынан бүгінгі күнге дейінгі ерекшеліктеріне этимологиялық тұрғыдан сипаттама бере отырып, өңір топонимиясының ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Зерттеу барысында Шығыс Қазақстан аймағы бойынша қол жеткізген тілдік материалдарды саралау барысында, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісін жүзеге асыру үшін Ресей Федерациясының қарамағындағы Алтай Республикасы Қосағаш ауданына, Монғол Республикасының Баян Өлгей аймағына экспедиция жасалды. Экспедиция барысында мыңға жуық сөз жинақталды. Алайда салыстырмалы талдауда 200 жуық топоним қолданылды. Себебі топонимдердің жасалу жолдары ұқсастығы салдарынан барлық атауларды қолдану қажеттілігі туындамады. Сонымен бірге кейір лексика-семантикалық мағыналары жағынан ортақ белгілері жоқ атауларға да талдау жасауды жөн көрмедік. Экпедиция нәтижесі бойынша түркілік ортақ түбірлер анықталды, монғол тілінен енген кейбір топонимдердің лексика-семантикалық белгілері ажыратылды, жалпы алтай тіліне тән ономастикалық белгілер мен түркі тілінің ономастикалық белгілері салыстырылды.

Аймақтың ономастикалық кеңістігі дегеніміз өңірдің географиялық атауларының құрылымы, аймақтың топонимиясының жалпы құрылымдық типологиясы, топонимикалық сөзжасам құралдары, топонимдердің лексика-семантикалық құрамы, топонимикалық семантиканың номинация тәсілдері мен белгілері бойынша зерттелуі, топонимдердің басқа тілден ену тәсілдері, топонимдердің этимологиялық тұрғыдан талдануы және т.б. Ономастиканың ғылым ретінде дамуындағы мұндай индуктивті кезең өте маңызды болып табылады. Өйткені, жоғарыда аталған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде әдістемелік тұрғыдан жинақталып зерттелген, пысықталған кең көлемді аймақтың тіл материалдарын түгел қамтитын деректер шеңберінің бассейні пайда болады. Ертректе ономастика тарих, география, археология сынды ғылым салаларының қолданбалы көмекші саласы қызмет атқарса, бүгінгі таңда тіл ғылымының жеке саласына айналып, басқа ғылым салаларымен тығыз байланыс орнатуда. Бұл жайында қазақ топонимиясының этномәдени

ерекшеліктері мен когнитивтік сипатын зерттеген ғалым Қ. Рысберген «Топонимика қоғамдық жаратылыстану бағыттарының әдіс-тәсілдеріне, деректік-ақпараттық базасына сүйенетін мынадай бірнеше саланы камтиды: лингвомәдениеттану, лингвогеография, лингвоэтнозоология, лингвофольклористика, полеолингвистика нейролингвистика, лингвофилософия, психоллингвистика, компьютерлік лингвистика және т.б.», – деп [1; 14], топонимиканың басқа ғылым салаларымен байланысын айқын көрсетеді.

Қазақ тіл ғылымында ономастикалық зерттеулер ХХ ғасырдың 40-жылдарынан басталады. Бұл ретте, Ф. Қоңқашбаев, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, Ә. Қайдар, А. Ысқақов, кейін келе, А. Жартыбаев, Қ. Рысберген, Ж. Бұғыбаева, М. Әлімбаев, С. Иманбердиева, Б. Бияровтардың есімдерін атай аламыз. ХХ ғасырдың 60-жылдарында қазақ топонимикасы бойынша жарық көрген екі жұмысты атай аламыз. Бірі – география саласының маманы Ф. Қоңқашбаевтың 1951 жылы жарық көрген «Қазақтың халықтық географиялық терминдері» атты еңбегі. Ал екінші – Қазақстан географиялық атауларын тарихи-лингвистикалық бағытта зерттеген А. Әбдірахмановтың 1954 жылы қорғалған «Некоторые вопросы топонимики Казахстана» атты кандидаттық диссертациясы. 1959 жылы А. Әбдірахманов диссертациялық еңбегін толықтырып, «Қазақстанның жер-су аттары» атты монографиясын жариялайды. Сондай-ақ, Тіл білімі институтының ономастика бөлімі де 1961 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін қазақ жер-су атаулары бойынша тұрақты түрде аса маңызды еңбектер жариялап келеді. Тіл білімі институты қызметкерлерінің жариялаған еңбектері тілші ғалымдар тарапынан кеңестік кезең (1961–1991 жж.) және тәуелсіздік кезең (1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін) деген екі үлкен топта қарастырылады.

Түркі тілдерінің ономастикалық кеңістігі сонау М. Қашқаридан бастап, бертін келе, В. Бартольд, В. Радлов, П. Мелиоранский тарапынан қолға алынады. Таулы Алтай өңіріндегі топонимия бойынша аймақтық зерттеулер жүргізген ғалымдар қатарына О. Т. Молчанова, К. Б. Самтақова, В. Н. Тавдыкин, А. Т. Тыбыкова және т.б. жатқызуға болады.

Шығыс Қазақстан өңірі топонимдері мен Таулы Алтай өңірі, Баян Өлгей аймағы топонимдері арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды саралау барысында алдымен негізгі ұқсастықтар жайында айтуға болады.

Топоним жасаудағы басты белгі топонимдердің жасалу жолы болып табылады. Ең алдымен топонимдер сол жердің физикалық-географиялық ерекшелігін немесе, сол ерекшеліктің бір белгісін сипаттау мақсатында туындайды. Мәселен, Қосағаш аймағында «Айгулак» өзен атауы, «Қызыл таш» жер атауы, «Терісаққан» өзен атауы, «Көккөл» көл атауы, «Қаракөл» көл атауы «Ақтал» жер атауы және т.б. топонимдер жердің, өзеннің түсіне,

ерекше белгілеріне байланысты спонтанды түрде берілген атаулар деп ойлаймыз. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан өңірінде де «Мұзды бұлақ» бұлақ атауы, «Ойқұдық» жайлау атауы, «Өгіз тау» тау атауы және т.б. жер-су аттары да сол аймақтың немесе сол жердің ерекше бір белгісіне сәйкес берілген деген пікірдеміз. Яғни, географиялық атауларды дұрыс саралау үшін топонимнің қандай объектімен сәйкес келетінін міндетті түрде білу қажет. Сондай-ақ, кез-келген географиялық объект әртүрлі қасиеттерге мен белгілерге ие болады, ал топоним жасауда тек бір ғана белгі аталады. Атаулардың көпшілігі ең алдымен сол жерді қоршаған ортаның табиғи белгілерін сипаттаумен, бір ғана белгіні атаумен ерекшеленеді. Топонимдер индикатор тәрізді географиялық объектінің негізгі ерекшеліктерін нақты сипаттайды. Географиялық объектілердің көптеген атауларының пайда болуына, көбінесе қолдан жасалған, шаруашылық қызмет салаларына қатысты жалпы сөздер қатысады. Алдымен олар географиялық терминология саласына өтеді, содан кейін өз мәнін алады және топонимдерге айналады.

Шекаралас аймақтар арасындағы тағы бір ұқсастық – ортақ қатарларға жіктелуі. Мысалы, өзен-көл атаулары көбінесе, су, суу, гол, кол, нур, көл сөздерінің қатысумен жасалады. Бұлардың ішінде монғол тілінен енген атаулар да топоним жасауға қатысады. Монғол тілінен аударғанда гол – өзен, нур – көл деген мағына береді. Таулы Алтайдың Қосағаш ауданы Монғол мемлекетімен шекаралас аудан болғандықтан, оның жер-су атауларында монғол тектес сөздер көптеп кездеседі. Мысалы, Карасу, Көккол және т.б. Сонымен қатар, аймақ топонимикасында «усть, устиги – үстіңгі», «орто-орта», «алтығы – төменгі» сөздерінің кең орын алуы көптеп кездеседі. Бұл Шығыс Қазақстан топонимикасына да тән қасиет. Мәселен, Алтай өңірінде «Усть сена», «Усть иша», «Усть кан», «Усть кокса», «Орталық» деген атауларды кездестіруге болады. Ал Шығыс Қазақстан жер-су атауларында Усть-Каменогорск (Үст Кемен), «Орта», «Орта Күнгей», «Орта Қарауыл» деген топонимдер сөзімізге дәлел бола алады.

Тіл ғылымында топонимдерді қалыптастырудың өзіндік факторлары болады. Ғалым Н. Подольскаяның пікір бойынша бұл факторларға лингвистикалық, физикалық-географиялық және тарихи факторлар жатады [2]. Жер-су атауларының пайда болуының басты себебі, адам баласының өзі мекендеген аймақты белгілеу қажеттілігінен туындайды. Ең ірі географиялық аймақтың атаулары бірінші кезекте аталады, өйткені олар өте белгілі және кеңінен танымал болып келеді. Сондай-ақ, Үлкен өзендердің бассейндері халықтың шоғырлануында белгілі бір рөл атқарғанын атап өткен жөн. Көптеген өзендердің атаулары жағалауын мекендеген халықтың ерекше белгілерімен, қасиетімен аталғаны да белгілі. Сондай-ақ, топонимдерге қарағанда гидроним атаулары ұзағырақ сақталатынын атап

өткіміз келеді. Мәселен, бүгінгі таңдағы кейбір ірі өзендердің атаулары сонау көне түркі заманынан сақталған. Атап айтқанда, «Ертіс өзені» көк түрік ескерткіштерінде «Ертіс өгүз» деген нұсқада орын алады. Сондай-ақ, Қосағаш ауданында кездесетін «Чуя» өзенінің де этимологиясы теренде жатыр деп ойлаймыз. Өзеннің қалыптасуына негіз болған атау – «чу». Алайда, чу сөзін көне түркіден бүгінге дейін әртүрлі топшылауға болады. Мәселен, М. Қашқариде «чуш башы» су басы немесе өзеннің бастамасы деген тіркес кездеседі. Сондай-ақ, Қазақстан аймағында, «Шу» аймағы да бар. Ал Қырғыз тілінде «Чу» өзеннің бір саласы деген мағына береді. Көне түркі тілінде Шу-чу-су болып өзгеріске ұшыраған деген пікірлерді де көрдік. Көк түрік ескерткіштерінде су сөзі «сувв» деп қолданылады. Яғни түркі тілдерінің сөз басындағы с дыбысын ч, ш дыбысына айналдыратын топтарда су сөзінің чу, шу болып айтылу кездеседі. Ал көне тибет тілінде чу – өзен, өзеннің сағасы деген мағына береді. Бұл атаудың қалыптасуына көне түркілік емес тибеттік сөз негіз болуы әбден мүмкін.

Жоғарыда аталған өңір топонимдерін салыстыруда қол жеткізген тағы бір ұқсастық – жер-су атауларының құрамындағы сын есімдердің, соның ішіндегі түстердің қолданысы. Топонимдерді тілдік тұрғыдан, этимологиялық тұрғыдан талдауда осы сын есімдер мол мағлұмат береді. Мәселен, Қосағаш ауданы топонимдерінің құрамында ақ, ала, боро, буурыл, жирен, кара, сур, көк түстері жиі орын алады. Жер-су атауларының құрамындағы «Ақ» сөзі көп жағдайда түс атауын ғана емес, сонымен қоса, егер бір гидроним атауында кездесе, мұздай суық, тұнық, таза, мағыналарын береді. Егер «Ақ» сөзі антропоним құрамында орын алса, жақсы, ақжарқын, текті, адал, кен, мол деген мағыналарда қолданылады. Мәселен Қосағаш ауданы бойынша Актел, Актоли, Актал, Ақ Айры атаулары сөзімізге негіз бола алады. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша осы Ақбұлақ, Ақжайлау, Ақшатау, Ақтүбек, Ақши атауларының құрамындағы ақ түсі сол елді мекеннің географиялық ерекшелігін сипаттайды. Бұнымен бірге Алтай аймағының топонимдері қатарында ақ мағынасында чаган/шаган сөздері кездеседі. Бұл сөз монғол тіліндегі цаган-ақ дегенді білдіреді (сөздік монғол). Мәселен, Чаганка, Чаган Бургазы атауларының құрамындағы чаган/цаган сөздері – монғол тіліндегі түс атауының дыбыстық өзгеріске ұшыраған формасы. Шығыс Қазақстан өңірінде бұл топонимдердің Шаған деген нұсқасы орын алады.

Қосағаш аймағында «ала» түсімен қолданылатын топонимдердің көбі хайуанаттармен байланысты болып келеді. Сондай-ақ, «ала» түсі сонау көне түркі тілінен келе жатқан көне түркілік сөз болып табылады. Монғол тілінде бұл сөз «алаг» түрінде қолданылады. Ғалым А. М. Шербактың пікірінше, монғол тіліндегі «алаг» түс атауы көне түркі тілінен енген кірме сөз болып

табылады [3, 21]. Бүгінгі қазақ тілінде де «ала» түрінде қолданылады. Бұдан басқа да түстерді кеңінен сипаттауға болады.

Сондай-ақ, «Кызыл» түсі топоним жасаудағы ең жасампаз түс деуге болады. Себебі құрамында «кызыл» сөзі орын алған Алтай өңірінің, Баян Өлгей өңірінің және шығыс Қазақстан өңірінің топонимдері аз емес. «Кызыл» түс атауы ретінде сонау көне түркі тілінен бері қолданылып келеді. Кейбір көне түркі этнонимдерінде де кызыл түс орын алады. Топоним құрамында келіп кызыл түс сол жердің реңін, шексіздігін, гидроним құрамында келіп судың тазалығын, тұнықтығын сипаттайды. Қызыл деп аталатын су көп жағдайда лас, лай, таза емес суларды сипаттауда қолданылады. Мысалы, Кызыл Таш, Кызыл Ажу, Кызыл Аркыт атаулары Қосағаш ауданында кездеседі. Баян Өлгей аймағында Қызыл үй, Шығыс Қазақстан өңірінде Қызылтас, Қызылту және т.т.

Ең көп қолданысқа түсетін тағы бір түс атауы - «қара». Алтай өңірінде бұл сөз «кара» деп қолданылады. «Қара» көне түркілік негізді түс атауы. Бір ғана Қосағаш өңірінде бір сыңары «кара» сөзмен берілген 23 атау бар: Кара Агач, Кара Адыр, Кара Кол, Кара Кайа және т.б. Баян Өлгей аймағында да «қара» сөзімен берілетін атаулар көптеп кездеседі. Мысалы: Қарақобы, Қаратау, Қарасу, Қаракөл және т.т. Көріп отырғанымыздай, дәл осы атаулардың кейбірі Шығыс Қазақстан топонимикасынан да орын алады. Бұдан аймақтардың ономастикасында орын алған ұқсас атаулар бір тілден екінші тілге көшкендіктен емес, сол аймақтың физикалық ерекшелігіне байланысты берілсе керек деп ойлаймыз.

«Көк» деген түс атауымен берілетін топонимдер барлық аймақтарда кездеседі. Көк түсі көне түркі тілінен келе жатқан атау. «Көк» түсі алтай тілінде 1) көк, 2) көгілдір, 3) жасыл (шөпке қатысты), 4) сұр, 5) боз, 6) аспан, 7) тәңір, 8) жасыл шөп, 9) піспеген, 10) шексіздік ұғымдарын білдіреді. Осы ұғымдар тілдегі топоним жүйесінің жасалуына жеке-жеке негіз бола білген. Мәселен, Көк Суу, Көк Кайа, Көк Жап, Көк Таман, т.т. Баян Өлгей аймағында Көктұмсық, Көкқошын тәрізді атаулар орын алады. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша Көкбаасту, Көкбұқа, Көкащы т.б. атаулардың жасалуына «көк» сөз негіз болған.

Шығыс Қазақстан аймағында да, Алтай Республикасы Қосағаш ауданында болмасын топонимдердің жасалуына көптеген ортақ физикалық-географиялық терминдер қатысады. Мәселен, Таулы Алтай өңірінің жер-су атауларының құрамында су, чу (өзен), гоол (өзен), кан/кам/кем (өзен), сала (өзеннің сағасы) нур (көл), кол (көл), булак, кыр, сор, адыр, кунгей, мукур (қысқа жер), ой, ош (сел), ула (тау мағынасында), даба (тау), чёл (шөл), туу (тау), жазы (жазық), сас (балшық), камр (монғол тілінен қысқа жартасты жер деген мағына береді), таш (тас), тош (мұз), тобрак (шаң), ойык (ой),

кайа (жартас), арка (жота), жар, айры (өзен сағасы), ачык (жазық) болчок (кішкентай төбе), төн (төбе), айан (жазық), межелик (төбе, төбешік), боом (жартас шығыңқысы), жыраа, белтир (өзеннің бастамасы), болчок (кішкене төбе) және т.б. көптеген жалпы алтай, көне түркі, монғол, тыва, қазіргі алтай тілдерінен алынған географиялық терминдер орын алған. Яғни, бұл аймақтың топо жүйесінің тарихын сонау ең көне алтай заманы, көне түркі кезеңінен бүгінгі күнге дейін жетелейді. Шығыс Қазақстан өңірінде кездесетін жер су атауларының құрамында орын алатын географиялық терминдер тас, төбе, қыр, ой, тау және т.т. топоним жасауда маңызды бірліктер болып табылады. Екі өңірдің де атауларында кездесетін географиялық терминдер қатары өте кең. Қолданыстарында дыбыстық тек дыбыстық айырмашылықтар бар.

Сондай-ақ, екі өңірге де тән ортақ ерекшелік – топоним жасауда екінші сыңар ретінде дене мүше атауларының қатысуы. Мысалы, баш (бас), бут (аяқ), жүрек (жүрек), ич (іш), кабак (кірпік), кабырға (кабырға) және т.б.

«Баш» көне түркі тілінен бері қолданыстағы сөз болып саналады. Географиялық атаулар құрамындағы «баш/бас» сөзі таудың басығ биік шың мағынасын береді. Мәселен, бұл сөзге байланысты Алтай өңірінде Ак Башту Төнг, Ат Бажы, Шығыс Қазақстан өңірінде Омар басы, Сарыбас тәрізді атаулар кездеседі.

«Бел» сөзі де көне түркі тіліне тән сөз. Негізгі мағына адамның белі географиялық атауларда тау жотасы, жердің ортасы деген мағына береді. Монғол тілінде «бэл» формасында қолданыла отырып, топонимдер құрамында орын алады. Қосағаш ауданында бұл сөзге байланысты Аржаан Бел, Белеш, Белаши деген топонимдерді кездестірдік. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша Белтерек, Сарыбел атаулары жоғарыда аталған атаулардың жасалуымен ұқсас келеді.

«Бут» аяқ мағынасында қолданылатын сөз, географиялық атауларда өзеннің төменгі жағы, таудың етегі мағынасында қолданылады. Бұл қолданыс Алтай өңірі бойынша кең тараған, Шығыс Қазақстан аймағында орын алмайды. Мәселен, Бут өзені, Жантық Бут және т.б.

Сонымен қатар Алтай өңірінің топонимдері құрамында «жүрек» сөзі кең қолданыс тапқан. Бұл сөз көп жағдайда кішкене төбешік мағынасын береді. Атап айтқанда, Уйтту Жүрек, Кара Жүрек, Манжерок (Мең жүрек) атауларын көрсетуге болады.

Алтай өңірінің географиялық атауларын қалыптастыруда кабак (кабақ), көс (көз), төс (төс), мөбн (мойын), кулак (құлак), мандай (мандай), киндик (кіндік) және т.б. дене мүше атаулары көптеп қатысады. Бұған Төрт Көс, Кабакты, Кулагаш, Анг Кулак, Кара Мангдай, Мөбн Булак, Киндикту көл атаулары дәлел бола алады. Шығыс Қазақстан аймағы бойынша Кіндікті, Мойынбұлақ тәрізді жер атаулары сәл дыбыстық айырмашылықтарды

ескермегенде жоғарыда аталған атаулармен ұқсас келеді. Бұл бір атаудың екінші жерге берілуі емес, топоним жасауда бір әдістің қолданылғандығын және тілдердің туыстастық белгілерін көрсетеді.

Алтай Республикасы Қосағаш өңірі мен Шығыс Қазақстан өңірі физикалық-географиялық ерекшелігі, табиғаты өте ұқсас келеді. Сол себепті өңірлердің топонимикалық жүйесінде де ұқсастықтарды байқауға болады. Сонымен қатар ертеректе Қосағаш өңірінде Қазақстаннан көшкен қазақтардың тұрақтап қалуы да біршама атаулардың ұқсастығын көрсетеді. Мәселен, Қосағаш ауданында кездесетін Балхаш өзені, Шығыс Қазақстандағы Балқаш атауымен ұқсас келеді. Жергілікті халық бұл атаудың қазақтармен бірге келгендігін айтады. Жоғарыда кейбір кездейсоқ атаулардың да ұқсастығын аңғардық.

Жер-су атауларының қалыптасуында өсімдік атаулары да үлкен роль атқарады. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша ағаш, қайың, қарағай, қараған, ши, т.б. өсімдік атаулары көптеген топонимдердің жасалуына негіз болған. Қосағаш өңірінде де бұл тәсіл анық байқалады. Мәселен, «Қош ағач» (Қос ағаш) атауын алып қарайтын болсақ, атау қос және ағаш сөздерінің бірігуінен жасалған. Жергілікті халық бұл атауға байланысты бірнеше тұжырымдар келтіреді. Соның бірі, ауданның физикалық-географиялық ерекшелігіне байланысты. Қосағаш ауданы Алтай өңірінің басқа жерлеріне қарағанда таулы-тасты, тақыр болып келеді. Алтайдың бай орманды мұрасы Қосағаш ауданына тақай бастағанда, азайып жоғалады. Міне, осы ерекшелігіне орай, Қосағаш өңіріне тақағанда адамдар «Қош ағаш!» деп орманмен қоштасады-мыс. Сол «Қош ағаш» кейін «Қош ағач» деген жердің атауына айналады. Сонымен қатар, Қосағаш аймағында ерте кезде тастақ, тақыр жерде жалғыз екі ағаш өсіп тұрады. Ағашсыз тақыр өлкеде бұл екі ағаш белгілі бір кездесу нүктесіне, жөн сұрасу белгісіне айналады. Уақыт өте келе, жергілікті халық бұл жерді осы екі ағашты белгі етіп алып, «Қос ағач», яғни қос ағаш орналасқан жер деген атаумен атап кеткен екен деген да тұжырым жоқ емес. Қалай болғанда да, жердің атауының бір сыңарын ағач/ағаш деген өсімдік атауы құрайды. Атауды жасауға қос/қос деген сын есім және ағач/ағаш деген зат есім қатысады. Дәл осы тәсілмен, мәселен, қара деген сын есім мен ағаш деген зат есімнің бірігуінен Шығыс Қазақстан өңірінде кездесетін «Қарағаш» деген жер атауы жасалады.

Алтай өңірінің топонимдерінің жасалуында тува тілінен енген «тыт» – ағаш сөзі ерекше орын алады. Мәселен, Тытугем, Аркыт, Көнбө Тыт т.б. Шығыс Қазақстан өңірінде тыт сөзінің қатысуымен жасалған атаулар кездеспейді.

Салыстыру жасалған өңірлер бойынша ұқсастықтармен бірге айтарлықтай айырмашылықтар да жоқ емес. Мәселен, Қазіргі Баян Өлгей

аймағындағы атаулардың барлығы қазақ тілінде айтылғанда жасалу үлгісі, дыбысталуы, компоненттік құрамы ұқсас болып жатады. Алайда, жергілікті халықтың айтуынша, Баян Өлгей өңіріндегі жер-су атауларының барлығы дерлік монғол тілінде берілген. Ресми құжаттардың барлығында монғол тілінде жазылады. Қазақ тілінде берілетін атаулар өте сирек кездеседі. Жергілікті халықтың қазақ тілінде айтылып жүрген атаулары калькалау тәсілімен аударылған тек халық арасында қолданылатын атаулар ғана болып табылады. Мәселен, Цаган нур – Ақкөл, Даян нур – Даян көлі, Сагангол – Ақсу, Далын тоға – Жетпіс төбе және т.б. Алтай өңірінің де топонимика саласында калькалау әдісі халық арасында көптеп кездеседі. Мысалы: Кызыл Кыр – Касногорка, Ак суу – Белоречка және т.б. Шығыс Қазақстан өңірі бойынша бұл тәсілдің қолданысы кездеспеді.

Қорытынды

Сонымен қорыта келе, зерттеу жүргізілген өңірлерде жер-су атауларының өзіндік айырмашылықтары мен ұқсастықтары ажыратылды. Атап айтқанда, топонимдер құрамындағы көне түркі тілінен бері қолданылып жүрген сөздер барлық өңірлерде орын алады. Ол сөздердің топонимикалық атауларда кездесуі бізге ортақ түркілік, жалпы алтайлық топонимика саласынан мол мағлұмат береді. Сонымен қатар, түс атауларының, өсімдік атауларының, адамның дене мүше атауларының жер-су атаулары құрамында өз мағынасында немесе ауыспалы мағынасында көрініс табуы ортақ түбір мағынасын тудырады. Яғни, уақыт сынына қарамастан жалпы алтайлық, көне түркілік белгілерімізді топонимикамыздан табу және көпшілік қауымға таныту арқылы біз өткенімізді танимыз, баға жетпес тамыры тереңде жатқан тарихымызды тіліміз арқылы танимыз. Осылайша, ұлттық кодымызды бекіте түсеміз.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Рысберген, Қ. Қ.** Қазақ топонимиясының лингвокогнитивтік және этномәдени негіздері : филолог.ғыл.д-ры ... дисс. – Алматы, 2010. – 300 б.

2 **Подольская, Н. В.** Программы и инструкции для сбора топонимического материала на восточнославянской территории // Восточнославянская ономастика. – М., 1972. – С. 166–175

3 **Щербак, А. М.** Тюркско-монгольские языковые контакты в истории монгольских языков / Ин-т лингвист, исслед. РАН; Ин-т гуманитар, исслед. АН Республика Саха (Якутия). – СПб. : Наука, 2005. – 195 с. : ил. – ISBN 5-02-027002-4.

4 **Әбдірахманов, Ә. Ә.** Топонимика және этимология. – Алматы : Ғылым, 1975. – 58 б.

5 **Жанұзақ Т.** Қазақ ономастикасы (Атаулар сыры). – Алматы : Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.

6 **Бияров, Б.** Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері : монография. – Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

7 **Қашқари, М.** Түрік тілінің сөздігі : (Диуани лұғат-ит-түрік), 3 томдық шығармалар жинағы / қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : Хант, 1997. – Т. 1. – 30 б.

8 **Сағидолда, Г. С.** Түркі-моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология. – Астана : Кантана Пресс, 2011. – 355 б.

9 **Хабшай, С., Мініс, Ә.** Моңғолша-қазақша сөздік. – Ұланбатор : Улсын хэвлэлийн газар, 1954. – 304 б.

10 **Мамырбекова, Г. М.** Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.

References

1 **Rysbergen, K. K.** Kazakh toponimiyasynyn lingvokognitivtik jane etnomadeni negizderi: filologiya gyl-ry...diss. [Linguocognitive and ethnocultural bases of Kazakh toponymy : diss. on phil. sciences]. – Almaty 2010. – 300 p.

2 **Podolskaya, N. V.** Programmy i instrukcii dlya sbora toponimicheskogo materiala na vostochnoslavjanskoy territorii [Programs and instructions for the collection of toponymic material in the eastern Slavic territory] In East Slavic onomastics. Moscow, 1972. – 166–175 p.

3 **Sherbak, A. M.** Turksko-mogolskiye yazikovye kontakty v istorii mogolskih yazikov [Turkic-Mongolian language contacts in the history of Mongolian languages]. In Institute of linguistic researches. RAS; Institute of humanitarian researches. AS Republic of Sakha (Yakutia). – St. Petersburg: Nauka, 2005. – 195 p.

4 **Abdirakhmanov, A. A.** Toponimika jane etimologiya [Toponymy and etymology]. – Almaty : Gylym, 1975. – 58 p.

5 **Zhanuzak, T.** Kazakh onomastikasi (Ataular syry) [Kazakh onomastics (Secret of names)]. – Almaty : Daik-Press, 2007. – 524 p.

6 **Biyarov B.** Jer-su attarynyn sozjasamdyk ulgileri: monografiya [Word-formation patterns of place-names : monograph]. – Almaty : State Languages development institute, 2012. – 460 p.

7 **Kashkari, M.** Turik tilinin sozdigi : (Diواني Lugati't Turk). 3 tomdik shigarmalar jinagy [Dictionary of the Turkish language: (Diwani dictionary-it-turk): Collection of works in 3 volumes]. / Translated into Kazakh by A. Egeubay, who wrote the foreword and scientific comments. – Almaty : Hant, 1997. – V.1. – 30 p.

8 **Sagidolda, G. S.** Turki-mongol tildik bailanysy : toponimiya jane frazeologiya. [Turkic-Mongolian linguistic connection : toponymy and phraseology]. – Astana : Kantana Press, 2011. – 355 p.

9 **Habshai, S., Minis, A.** Mongolsha-kazakhsha sozdik [Mongolian-Kazakh dictionary] – Ulan-Bator : Ulsyn Khevleliin Gazar, 1954. – 304 p.

10 **Mamyrbekova, G. M.** Kazakh tilindegi arab, parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. – Almaty: State Language Development Institute, 2017. – 656 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Ш. Б. Сейттова, А. А. Касымова, Ш. А. Доскеева

Сравнительное региональное ономастическое пространство (на материалах Восточного Казахстана, Баян Олгей и Горно-Алтайского края)

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет,
Республика Казахстан, г. Семей.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматриваются топонимы с точки зрения сравнительно-исторического, диахронического, этимологического аспектов, собранные из Восточно-Казахстанской области, и ономастические номены, полученные в результате экспедиции в Алтайский край, Баян Олгейский регион.

Выявлены Алтайские и древнетюркские общие корни топонимов и выделены лексические и семантические особенности. В целом сравниваются ономастические черты алтайских и тюркских языков. Кроме того, дается описание способам формирования топонимов. Выявлены общие черты в формировании топонимов региона. Исходя из общих черт, выделяются общие алтайские и древнетюркские основы в формировании топонимов. В результате выяснилось, что сходства и различия топонимов, используемых в упомянутых регионах Восточного Казахстана, Алтая, Баян Олгей, тесно связаны с этапами их формирования.

Ключевые слова: ономастическое пространство, общий корень, топонимика, тюркские языки.

Sh. B. Seiiitova, A. A. Kassymova, Sh. A. Doskeeva

Comparative regional onomastic space (Based on materials from East Kazakhstan, Bayan Olgey and the Gorno-Altay regions)

Kazakh Humanitarian Law Innovation University,
Republic of Kazakhstan, Semey.
Material received on 18.09.20

The article deals with toponyms from the point of view of comparative-historical, diachronic, etymological aspects collected from the East Kazakhstan region, and onomastic nomens obtained as a result of an expedition to the Altai territory, Bayan Olgey region.

Altaic and ancient Turkic common roots of toponyms are identified and lexical and semantic features are highlighted. In general, the onomastic features of the Altaic and Turkic languages are compared. In addition, a description of methods for forming toponyms is given. Common features in the formation of toponyms of the region are revealed. Based on the general features, the common Altaic and ancient Turkic bases in the formation of toponyms are distinguished. As a result, it turned out that the similarities and differences of toponyms used in the mentioned regions of East Kazakhstan, Altai, and Bayan Olgey are closely related to the stages of their formation.

Keywords: onomastic space, common root, toponyms, Turkic languages.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz